Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б.107

ЕЛДІ МЕКЕН ЖЕРЛЕРІНІҢ ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ҚАРАСТЫРУ

Саттыбаева Г.А .

Жер реформасы жүру барысында жер қатынастары өзгеріп, жетілуде жаңа заң, нормативтік хаттамаларды қабылдау кең орын алуда. Мысалы, «Меншік туралы», «Жер реформасы туралы» , «Жер кодексі», «Шаруа қожалықтары» зандары қабылданып, өзгеріп жатыр.

Кадастр мәліметтері, бірінші кезекте жерді тіркеу мәліметтері мемлекетпен тек қана жер қорын басқаруды, әрі қарай дамыту мүддесінде емес, сонымен қатар жерге ресми мемлекеттік меншікті жүзеге асыру, қорғау мақсатында, сондай-ақ, жер пайдаланушылар, иеленушілердің құқықтарын қорғауда қолданады. Сондықтан, жер кадастры мәліметтерінің экономикалықпен қатар құқықтық та манызы зор.

Сонымен қатар, жалпы экономикалық өсу аясында қала және ауыл тұрғындарының тұрмыс денгейіндегі алшақтық күшейе түсуде, табыстардың өңірлік айырмашылықтары да елеулі. Ауылдық жерде ел халқының 43 % -ы тұрады, ресми статистика деректеріне қарағанда, олардың үштен бірінің табысы ең төменгі өмір сүру денгейінен төмен. Агроазық-түлік секторының даму ерекшеліктері мен ауыл шаруашылығы қызметінен түсетін табыстардың өсуін ескере отырып, ауыл халқының қазіргі шамадан тыс көптігі халықтың тұрмыс деңгейінің өсуіне тұсау болатын себептердің бірі болып табылады және елдің тұрақты дамуын жоспарлаған кезде күрделі проблемаға айналады.

Ауылды елді мекеннің көпшілік бөлігі ауыз сумен қамтамасыз етілуде қиындықтарды бастан кешіріп отыр. Ауылдық жерде ауыз су проблемасы екі негізгі себептен туындайды: сумен қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуымен және жер бетіндегі әрі жерасты суларының ластануының жоғары деңгейімен.

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету саласындағы проблемалармен қатар, ауылдық өңірлердің экономикасын көтеру үшін автомобиль қатынасын, жолдар мен жол бойындағы инфрақұрылымдарды дамытудың шешуші манызы бар.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың пікірі бойынша, ауыл шаруашылығының ерекшеліктері айырықша аграрлық саясатты жүргізуді талап етеді. Бұл саясатқа сәйкес, мемлекеттік реттеу экономиканың басқа салаларына қарағанда ауыл шаруашылығы саласында жоғарғы мәнге ие болуы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттің қолдауы жан-жақты сипатқа ие болуға міндетті.